

Халық пайдаланатын электр энергиясының есебін және төлемін жетілдіру туралы

Атырау облысы Әкімінің шешімі 1998 жылғы 20 қарашадағы N 748 Атырау облысының әділет басқармасында 1999 жылғы 25 қаңтарда N 43 тіркелген

1998 жылдың бірінші қарашасына халықтың пайдаланған электр энергиясы үшін бережағы 142,1 млн. теңге, мұның өзі жалпы борыштың 32 % құрайды. Сонымен қатар электр энергияны ұрлау және электр жүйелеріне өз бетімен қосып алу фактілері орын алуда.

"Атыраулық ЭТЖК" АҚ халықтың төлем мүмкіндігін арттыру мақсатында біраз шараларды іске асырды.

Бақылаушылар штаты ұлғайтылып, тұрмысты бақылаудың деңгейі 62,3 %-ке, борышты адамдардың үйін жүйеден айыру 36,6 %-ке жеткізілді. Ескерту, талап ету жұмыстары белсенділікпен жүргізілді.

Электр энергияның есептесу жүйесінде жаңа бағдарлама жасалып, іске кірісе бастады. Кей аудандарда қосымша есептеу құралдары қойылып, төлем ақыны баяу жүргізетін аудандарды анықтау қолға алынды, алдын-ала төлеу жүйесін қолдану әдісімен жұмыс істейтін есептегіштер қондырылуда, т.б.

Алайда электр энергияның коммерциялық жоғалуы, халықтың борышын азаю деңгейінде түбегейлі жақсаруға қол жетпей тұр.

Халық борышының өсу деңгейін тежеу мақсатында, электр энергияны есепсіз пайдалану мен жою мақсатында шешім етемін:

1. "Атыраулық ЭТЖК" АҚ ұсынып отырған әдіс бойынша электр энергия жүйелерін үй және пәтер иелерінің сыртына шығарып есептеудің топтық түрін (ГПУ) орнатуға.

2. "Атыраулық ЭТЖК" АҚ (Горюханов А.А.) есептеудің топтық приборларын орнату бағдарламасын жасақтап, оларды орнату жүзеге асырсын.

1-ші кезең. Атырау қаласы, жеке үйлер аудандары, мерзімі - 1998 жыл желтоқсаны - 2000 ж.ж.

2-ші кезең. Облыс аудандары, мерзімі - 2000-2001 ж.ж.

3. "Атыраулық ЭТЖК" АҚ-ға;

- есептеудің топтық приборларын (ГПУ) халыққа жіберілген электр энергия үшін есептеуге бақылау приборлары ретінде санауға;

- ГПУ-ларды қасақана зияндау немесе электр жүйелеріне өз бетімен қосылу фактілері байқалған жағдайда энергия тұтынушымен есептесу талап етіліп тұрған мерзімге сәйкес тұрмыстағы электр приборының бекітілген қуатымен есептелінеді;

- тұтынушы айыппұлды төлеуден бас тартқанда немесе ережені қайталап бұзғанда

электр энергияны 6 айға дейін энергия жүйесінен толық айырып тастауға;

- электр энергиясын өз бетімен қосып алғаны байқалса, сүйтіп ол рұқсат етілген жүктемеден (3 квт) асып кеткен жағдайда және мұның өзі сол аумақты электр энергиямен қамтамасыз етуге және оның қауіпсіздігін төмендеткендей болса (электр қазандары, жылыжай, тіркелмеген кәсіпкерлік қызмет) қажетті құжаттарды жасақтап қылмыстық жауапкершілік қылмыстық қорғау органдарына беруге рұқсат етілсін.

4. "Атыраулық ЭТЖК" АҚ аталған топтық есептегіштерді және электр сымдарын өткізу нақты шығынын электр энергия тарифын қараған кезде әр тоқсанға бөліп орналастыру Атырау облыстық табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетіне жүктелсін.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.Н. Борисенкоға жүктелсін.

Облыс әкімі